

"Су шаруашылығы жүйелері саласындағы реттелетін қызметтерді жеке тұлғалардың тұтыну көлемінің негізделген шамасын айқындау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 7 маусымдағы № 521 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 5 шілдедегі № 690 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 1 қыркүйектегі № 727 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2015 № 727 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Су шаруашылығы жүйелері саласындағы реттелетін қызметтерді жеке тұлғалардың тұтыну көлемінің негізделген шамасын айқындау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 7 маусымдағы № 521 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 36, 305-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Сумен жабдықтау саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерді жеке тұлғалардың тұтыну көлемінің негізделген шамасын айқындау ережесін бекіту туралы» ;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Сумен жабдықтау саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерді жеке тұлғалардың тұтыну көлемінің негізделген шамасын айқындау ережесі бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Су шаруашылығы жүйелері саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерді жеке тұлғалардың тұтыну көлемінің негізделген шамасын айқындау ережесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Сумен жабдықтау саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерді жеке тұлғалардың тұтыну көлемінің негізделген шамасын айқындау ережесі»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Сумен жабдықтау жүйелері саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерді жеке тұлғалардың тұтыну көлемінің негізделген шамасын айқындау ережесі (бұдан әрі — Ереже) «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 1-

тармағының 4-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және сумен тұтынушылардың қаражатын үнемдеу мақсатында сумен жабдықтау саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерді жеке тұлғалардың тұтыну көлемінің негізделген шамасын айқындау тәртібін белгілейді.»;

2-бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Сумен жабдықтау саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерді жеке тұлғалардың тұтыну көлемінің негізделген шамасын айқындау тәртібі»;

көрсетілген Ережеге қосымшаның тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Сумен жабдықтау саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерді жеке тұлғалардың тұтыну көлемінің негізделген шамасын айқындау ережесіне қ о с ы м ш а » .

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

С. Ахметов